

Тәрбие жұмысының жылдық қорытынды есебі
2023-2024 оқу жылы
3 «А»-сынып

Тәрбие жұмысының мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы азаматты тәрбиелеу. Биылғы **2023-2024** оқу жылында тәрбие жұмысының жоспары: Біртұтас тәрбие бағдарламасы.

Ұлттық құндылықтар : Ұлттық мүдде , ар-ұят , талап.

Оқушылардың дамуында әлеуметтік жағдайының динамикасын талдау. Сыныпта оқушылар саны: 9 (4 қыз бала, 5 ер бала). Көпбалалы отбасынан-3 бала. Сыныптың рухани-психологиялық ахуалы және, оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте жақсы. Қыз бала, ұл бала деп бір-бірін бөлмейді. Барлығы бірге ойнайды. Қандай жағдай болса да бір-біріне қол ұштарын беруге әрқашан дайын. Сынып оқушылары сыныптан тыс уақытта теннис үйірмесі сабағына қатысады. Мектеп өміріне сынып оқушыларының қатысуын талдау. Мектепшілік шараларында сынып оқушыларының қатысуға қызығушылығы өте жоғары. Тәрбие жұмысының жоспары бойынша барлығы 34 сынып сағаты жоспарланған. Осы жыл бойы жоспарланған 34 сынып сағаты өз уақытында өтіліп отырды. Оқушылар жыл бойы жоспарланған сынып сағатына белсенділікпен қатысты. Өткізілген сынып сағаттарына оқушылар өте жоғары деңгейде қатысады. Сынып оқушыларының дамуына талдау. Оқушылардың көркем-эстетикалық, еңбек және шығармашылық таным деңгейі, сынып кабинетінің тазалығын ұстау, мектеп формасын кию, сынып кезекшілігін жауапкершілікпен атқаруда, көркем-эстетикалық деңгейін жақсы деп бағалауға болады. Оқушылардың әлеуметтік-мәдени өзгерісінің дамуына мектепте өтетін іс-шараларға белсене қатысуы. 2023-2024 оқу жылының сабақ үлгерімі сынып бойынша үлгерім 100%, сапа 44% көрсетті. Ата-аналармен бірлесе атқарылған жұмыстар. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі, білім сапасы, қауіпсіздік ережелері, мектеп формасы, мектептің ішкі тәртіп ережелері туралы. Отбасындағы бала тәрбиесі туралы шағын бейне ролик көрсетілді. Ата-аналар баланың бос уақытын тиімді қалай өткізу керектігі жайлы сөз қозғалды. Бала бос уақытын тиімді пайдалана білсе оқу процесіде неғұрлым жақсы болатыны туралы ашық айтылды. Ата-ана үшін баланың қауіпсіздігі бірінші орында тұратыны да айтылды.

Сынып жетекшісі: Унгарова С.М.